

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі мен Грузияның Білім министрлігі арасындағы білім саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 890

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1997 жылғы 1 қарашада Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі мен Грузияның Білім министрлігі арасындағы білім саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау
министрлігі мен Грузия Білім министрлігі арасындағы білім
саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі мен Грузия Білім министрлігі, бұдан былай "Тараптар" деп аталып,
екі ел мемлекеті арасындағы Келісімге сәйкес және білім саласындағы әдетті тығыз және жемісті байланыстарды ескере отырып;
әр елдің оқыту жүйесіндегі еркіндік пен біртұтастықты теңдік принципінен сақтай отыра өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі нығайту және дамытуға тырыса отырып;

білім саясатындағы өзара қарым қатынаста жалпыадамзаттық құндылықтардың үстемдігін, адам құқысының Жалпы декларациясы принципін, бала құқысы туралы Конвенциясының үстемдігін сөзсіз мойындап және оны ары қарай іс жүзіне асыруда;

білім саласындағы ғылыми тұрғыға, зиялылыққа, ізгілік пен демократияға маңызды мағына бере отырып, екі елде тұратын халықтардың азаматтығы мен этникалық шығу

тегіне қарамастан мәдени және оқыту сұраныстарын қанағаттандыруға байланысты,

төмендегідей келісті:

1-ші Бап

Тараптар өз аймағындағы дәріс беру институттарының дербестігіне қарай білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықта тәжірибемен және ақпараттармен алмасуға ықпал жасайды.

2-ші Бап

Тараптар екі ел ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары

мектептер арасындағы тікелей жасалған келісімдерді қолдайды. Осы аталған институттар мен жоғары мектептер арасындағы нақты бағыттар мен ынтымақтастық тақырыптары, алмасу мен олардың қаржы мәселелері арнайы келісімдер арқылы анықталынады.

3-ші Бап

Тараптар өзара келісім бойынша студенттермен, аспиранттармен және мамандармен алмасуға ықпал етеді. Осы алмасудың үлесі, қаржы жағы және өтініш беру мәселелері жыл сайын екі жақтың келісуі арқылы шешіледі.

4-ші Бап

Тараптар құрылымға байланысты ғылыми ақпараттармен, олардың оқыту жүйесін ұйымдастыру мен қалыптастыру, оқу жоспарлары мен бағдарламалармен, оқу құралдары мен оқулықтармен және техникалық құралдармен алмасуға ықпал етеді.

5-ші Бап

Тараптар екі жақ оқушыларының олимпиадаларға, байқауларға, фестивальдарға, біріккен экологиялық, туристік, спорттық және басқа да байқауларға қатысуға күш салады.

6-шы Бап

Тараптар білім саласын жетілдіру және дамыту, ақпараттармен және тәжірибемен алмасуда, соның ішінде біріккен семинарлар өткізуді ұйымдастыруда өзара делегациялармен және сарапшылармен нақты мәселелерді жүзеге асырады.

7-ші Бап

Тараптар екі мемлекетте осы Келісімге қол қойған күнге дейін және күшіне енген күннен кейін білім ұйымдары 1992 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап берген орта және кәсіптік-техникалық, арнаулы орта және жоғары білім туралы құжаттарын өзара танудағы механизмдерін келіседі.

8-ші Бап

Әр Тарап екінші Тараптың тілін, мәдениетін және әдебиетін оқып-үйренуді одан әрі дамытады және ұлғайтады. Бұл оқып-үйрену екі Тараптың өзара келісімінде ыңғайлы түрде жүргізіледі.

9-шы Бап

Тараптар оқулықтар мен энциклопедияларда ақиқат негізінде көрсетілген тарих, география, саяси даму құжаттарымен алмасады.

10-шы Бап

Тараптар кәсіби емес спорт саласында, тренинг төңірегінде, жаттықтырушылармен алмасуда, жарыстар мен турнирлер ұйымдастыруға, соның ішінде балалар және өспірімдер жарыстарын өткізуге күш салады.

11-ші Бап

Тараптар екі елдің жастар және спорт ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытады.

12-ші Бап

Осы Келісімді жүзеге асыруға байланысты кететін шығыстарды Тараптар келесі түрде жүзеге асырады:

- Жіберуші Тарап бағдарламаға сәйкес және Келісімнің баптарына байланысты жіберілетіндердің қарсы Тараптың астанасына дейін және қайта келу жол қаражатын өтейді;

- Қабылдаушы Тарап жіберілгендердің ел ішіндегі жол қаражатын,

жатақханасына, шәкіртақысына, оқуына, дәрігерлік жәрдемге кететін шығыстарды өз мойнына алады;

- студенттер және оқытушылармен алмасу жүйесі нақты Хаттамалармен келісіледі.

13-ші Бап

Тараптар қажеттілікке қарай немесе қарсы Тараптың өтініші бойынша аралас комиссия ретінде осы Келісімнің орындалуын немесе өзгерістер енгізу жайлы мәселелерді шешуге кезекпен жиналып отырады.

14-ші Бап

Өзара келісу арқылы Тараптар осы Келісімге өзгертулер, қосымшалар және ұсыныстарды арнайы Хаттамалар арқылы енгізіп отырады.

15-ші Бап

Тараптар осы Келісімді жүзеге асыру кезінде туындайтын барлық пікірталастарды

және пікіралшақтықтарды жеке Хаттамалар жасау арқылы шешеді.

16-шы Бап

Осы Келісімнің күшіне енуі әр Тараптан ішкі мемлекеттік келісушілік жұмыстары жүзеге асырылғаны туралы жазбаша хабарлама түскеннен кейін жүзеге асырылады.

Келісім бес жыл бойы қолданыста болады. Егер Тараптардың біреуі Келісімнің мерзімі аяқталғанға дейін үш ай бұрын күшін жою туралы жазбаша түрде келесі Тарапқа ескертпесе, онда осы Келісімнің қолданыс мерзімі жедел түрде келесі бес жылға ұзартылады.

Осы Келісім 1997 жылы 11 қарашада Алматы қаласында екі дана болып, әрқайсысы қазақ, грузин және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы болған жағдайда орыс тіліндегі мәтінге артықшылық беріледі.

Қазақстан Республикасы
Білім, Мәдениет және денсаулық
сақтау министрлігі үшін

Грузия
Білім министрлігі
үшін